

"Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 17 қыркүйектегі № 1204 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К.Мәсімов*

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы

«Әкімшілік рәсімдер туралы» 2000 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабының 4-1-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса берліп отырған Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесі **б е к і т і л с і н .**

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары 2012 жылдың соңына дейін өз ережелерін қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесіне сәйкес келтірсін.

3. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Президенті

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Н.Назарбаев*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

«

»

№

Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

Мемлекеттік органның үлгі ережесі 1. Жалпы ережелер

1. (Мемлекеттік органның атауы)* (бұдан әрі – мемлекеттік орган) _____ саласында (ларында) басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының _____ органы болып табылады.

2. Мемлекеттік органның мынадай ведомстволары бар:

- 1) _____;
- 2) _____;
- 3) _____.

3. Мемлекеттік орган өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады .

4. Мемлекеттік орган мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады**.

5. Мемлекеттік орган азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Егер мемлекеттік органға заңнамаға сәйкес өкілеттік берілсе, оның мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Мемлекеттік орган өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік орган басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қ а б ы л д а й д ы .

8. Мемлекеттік органның штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес б е к і т і л е д і .

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – «Мемлекеттік орган» мемлекеттік м е к е м е с і .

11. Осы Ереже мемлекеттік органның құрылтай құжаты болып табылады.

12. Мемлекеттік органның қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттен, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бюджетінен (сметасынан) жүзеге а с ы р ы л а д ы .

13. Мемлекеттік органның кәсіпкерлік субъектілерімен мемлекеттік органның функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәніне шарттық қатынастарға т ү с у і н е т ы й ы м с а л ы н а д ы .

Егер мемлекеттік органға заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттемелері

1 4 . М і н д е т т е р і :
_____;

_____ ;
_____ ;
15. Функциялары (олар белгіленген нормативтік құқықтық актілерге сілтеме
к ө р с е т е _____ о т ы р ы п) :
_____ ;
_____ ;
_____ ;

16. Құқықтары мен міндеттемелері (олар белгіленген нормативтік құқықтық актілерге сілтеме көрсете отырып).

3. Мемлекеттік орган қызметін ұйымдастыру

17. Мемлекеттік органға басшылықты мемлекеттік органға жүктелген міндеттердің орындалуы және өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапты болатын бірінші _____ басшы _____ жүзеге _____ асырады.

18. Мемлекеттік органның бірінші басшысын _____ лауазымға тағайындайды және _____ лауазымнан _____ босатады.

19. Мемлекеттік органның бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және босатылатын орынбасарлары _____ б о л а д ы .

20. Мемлекеттік органның бірінші басшысының өкілеттігі (олар белгіленген нормативтік құқықтық актілерге сілтеме көрсете отырып):
_____ ;
_____ ;
_____ .

21. Мемлекеттік органның бірінші басшысы өз орынбасарларының өкілеттіктерін _____ б е л г і л е й д і .

22. Мемлекеттік органның аппаратын мемлекеттік органның басшысы лауазымға тағайындайтын және лауазымынан босататын аппарат басшысы басқарады.

Жауапты хатшы*** лауазымы енгізілген мемлекеттік органның аппаратын Қазақстан Республикасы Премьер-Министрімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайтын және лауазымнан босататын жауапты хатшы (жауапты хатшының өкілеттігін жүзеге асыратын лауазымды тұлға) _____ ж ү з е г е _____ а с ы р а д ы .

23. Жауапты хатшы *** (жауапты хатшының өкілеттігін жүзеге асыратын лауазымды тұлға) өз құзыретін «Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органының жауапты хатшысының мәртебесі мен өкілеттіктері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 27 шілдедегі № 372 Жарлығына сәйкес іске асырады.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

24. Мемлекеттік органның жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады. Мемлекеттік органның мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы .

25. Мемлекеттік органға бекітілген мүлік республикалық/коммуналдық меншікке ж а т а д ы .

26. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, мемлекеттік органның өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

27. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік органның және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

- 1 . Ұ й ы м н ы ң а т а у ы .
- 2 . Ұ й ы м н ы ң а т а у ы .

3. Ұйымның атауы.

Мемлекеттік органның және оның ведомстволарының қарамағындағы аумақтық органдардың тізбесі

- 1 . А у м а қ т ы қ о р г а н н ы ң а т а у ы .
- 2 . А у м а қ т ы қ о р г а н н ы ң а т а у ы .

3. Аумақтық органның атауы.

Мемлекеттік органның және оның ведомстволарының қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесі

- 1 . М е м л е к е т т і к м е к е м е н і ң а т а у ы .
- 2 . М е м л е к е т т і к м е к е м е н і ң а т а у ы .
- 3 . М е м л е к е т т і к м е к е м е н і ң а т а у ы .

Ескертпелер:* Орталық немесе жергілікті атқарушы орган, Қазақстан Республикасының Президентіне бағынатын және есеп беретін орган, сондай-ақ

